

Келісілді:

МҚКҚ «Балдырған» бөбекжай - балабақшасы
балабақша әдіскері С.С. Каримова

« 13 » 09 2024-2025 ж.

Бекітемін:

МҚКҚ «Балдырған» бөбекжай - балабақшасы
балабақша меңгерушісі И.А. Рамазанова

« 13 » 09 2024-2025 ж.



**Жалпы сөйлеу тілі дамымаған І-деңгейдегі балалармен жүргізілетін топтық
ұйымдатырылған іс-әрекеттің бағдарламасы
Бірінші жартыжылдық (қыркүйек-желтоқсан)**

Түсінік хат

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған І-деңгейдегі балалармен жүргізілетін топтық ұйымдастырылған іс-әрекеттің бағдарламасы сөйлеу тілінің даму кезеңдері мен логопедиялық диагностиканың нәтижелерін негізге ала отырып құрастырылған. Перспективалық жоспардағы лексикалық тақырыптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнынан алынды.

Түзете-дамыту жұмыстарының әдістемесі келесі бағыттардың тұрады:

Сөйлеу тілін түсінуін дамыту:

- Заттар мен әрекеттерді олардың ауызша атауымен сәйкестендіре алуға үйрету, түрлі әрекеттерді түсіне алуды қалыптастыру;
- Сөздердің жалпылама мағынасын түсінуін қалыптастыру;
- Сұрақтарды ажырата қабылдау (Кім?, Қайда?, Кіммен?);
- Зат есімнің жекеше және көпше түрін ажырата алуды дамыту;
- Әр түрлі іс-әрекеттердің мағынасын түсінуді дамыту;
- Заттық және сюжеттік суреттер бойынша қарапайым сұрақтарды түсінуін қалыптастыру;
- «бір-көп» түсінігін сәйкестендіре алуды қалыптастыру;
- жекеше және көпше түрдегі зат есім мен етістіктерді түсіне алуды үйрету;
- зат есім және етістіктердің жекеше және көпше түрдегі грамматикалық категорияларын түсінуді қалыптастыру

Белсенді сөздік қорын дамыту:

- Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту;
- Бір буынды, екі буынды сөздерді айта алуды дамыту;
- Етістіктер сөздігін кеңейту;
- Екі сөзден құралған сөйлемдер құрауға үйрету (Атау септігіндегі зат есім + Қайда?);
- етістіктер жұбын айту кезінде 3-ші жақтың осы шақтағы жекеше түрдегі ашық рай формасындағы етістіктердің дыбыс буындық құрылымын жаңғыртуға үйрету;
- Суреттер бойынша сөз тіркестерін сын есім + зат есім; зат есім+етістік сызбалары бойынша құрастыруды үйрету;
- Сұрақтарға қысқа сөз тіркесімен немесе 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлеммен жауап бере алуды қалыптастыру;
- Заттарды сипаттау үшін сын есімдердің көмегімен түсін, көлемін, дәмін атай алуды дамыту;
- «Үстінде» және «жанында» үстеулерін қолдануды үйрету;
- Қарапайым сұрақтарға жауап бере алуға оқыту;

Фонематикалық қабылдауды дамыту:

- тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырата алуды тәрбиелеу;
- қарапайым артикуляциялық жаттығуларды орындауды үйрету;
- дұрыс айтылатын дыбыстардан құралатын, ашық және жабық буынды бір,екі буынды сөздерді айта алуға үйрету.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

- ситуативті-іскерлік қарым-қатынас түрінде вербалды және вербалды емес құралдарды жаңғыртуға және қабылдай алу икемділігіне оқыту;
- ойын жағдаяттарын қолдана отыра, вербалды айқын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасқа оқыту;
- қатынас орнатушы сұрақтарды қолдануды және түсіне алуды оқыту;
- мимика және пантомимика көмегімен достық сезімін білдіру, сыпайы түрде өтіну, алғыс білдіру формулаларға үйрету.

Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру: Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту, есту және көру зейінін дамыту, есте сақтауын дамыту, ойлау операцияларын дамыту, кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту; артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу аппаратының қимыл-қозғалысын дамыту, қолдың ұсақ моторикасын және саусақ қимылдарының тепе- теңдігін дамыту.

Жұмыс бағыттары	Мақсат және күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу + немесе –	Мақсаттың орындалмау себептері
Сөйлеу тілін түсінуін дамыту	- Заттар мен әрекеттерді олардың ауызша атауымен сәйкестендіре алуға үйрету, түрлі әрекеттерді түсіне алуды қалыптастыру; - Сөздердің жалпылама мағынасын түсінуін қалыптастыру; - Сұрақтарды ажырата қабылдау (Кім?, Қайда?, Кіммен?); - Зат есімнің жекеше және көпше түрін ажырата алуды дамыту; - Әр түрлі іс-әрекеттердің мағынасын түсінуді дамыту; - Заттық және сюжеттік суреттер бойынша қарапайым сұрақтарды түсінуін қалыптастыру; - «бір-көп» түсінігін сәйкестендіре алуды қалыптастыру;		

	- жекеше және көпше түрдегі зат есім мен етістіктерді түсіне алуды үйрету; - зат есім және етістіктердің жекеше және көпше түрдегі грамматикалық категорияларын түсінуді қалыптастыру		
Белсенді сөздік қорын дамыту	- Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту; - Бір буынды, екі буынды сөздерді айта алуды дамыту; - Етістіктер сөздігін кеңейту; - Екі сөзден құралған сөйлемдер құрауға үйрету (Атау септігіндегі зат есім + Қайда?); - етістіктер жұбын айту кезінде 3-ші жақтың осы шақтағы жекеше түрдегі ашық рай формасындағы етістіктердің дыбыс буындық құрылымын жаңғыртуға үйрету; - Суреттер бойынша сөз тіркестерін сын есім + зат есім; зат есім+етістік сызбалары бойынша құрастыруды үйрету; - Сұрақтарға қысқа сөз тіркесімен немесе 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлеммен жауап бере алуды қалыптастыру; - Заттарды сипаттау үшін сын есімдердің көмегімен түсін, көлемін, дәмін атай алуды дамыту; - «Үстінде» және «жанында» үстеулерін қолдануды үйрету; - Қарапайым сұрақтарға жауап бере алуға оқыту;		
Лексиканы дамыту	Сөздермен жұмыс: Отбасы: Ана, әке, ата, апа, әже, аға, әпке, мен. Дене мүшелері: Дене, бет, бас, көз, мұрын, ауыз, тіл, тіс, ерін, құлақ, аяқ, қол. Ойыншықтар: Доп, текше, қонжық, қуыршақ, асық, шелек, күрек, бесік, арба (коляска).		

	Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздер: Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы, жылы киінеміз, жеңіл киінеміз, үстел, орындық, топ, байқа, асықпа, күт, көмектес, итерме, таласпа. Жемістер мен көкөністер: шие, алма, алмұрт, қарбыз, қауын өрік, жеміс, көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. Сыпайы сөздер: Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! Рақмет! кешіріші, мен олай қайталамаймын. Ыдыстар: Кесе, тәрелке, қасық, шанышқы, шәйнек. Киім-кешек: Шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір, ішкіім, малақай, тон, қолғап, етік.		
Фонематикалық қабылдауды дамыту	- тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырата алуды тәрбиелеу; - қарапайым артикуляциялық жаттығуларды орындауды үйрету; - дұрыс айтылатын дыбыстардан құралатын, ашық және жабық буынды бір,екі,үш буынды сөздерді айта алуға үйрету.		
Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру	- Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту; - Есту және көру зейінін дамыту; - Есте сақтауын дамыту; - Ойлау операцияларын дамыту; - Кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту; - Артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу аппаратының қимыл-қозғалысын дамыту; Қолдың ұсақ моторикасын және саусақ қимылдарының тепе- теңдігін дамыту.		

Педагог-логопед